



KASE АПТАЛЫҒЫ

25-29 тамыз, 2025

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE Басқармасы маркет-мейкерлер қызметінің [ережелеріне](#) түзетулерді бекітті.
- KASE 2025 жылдың қыркүйегіне өтімділіктің бірінші, екінші және үшінші кластарының бағалы қағаздарының тізімін [қалыптастырды](#).
- KASE ресми тізіміне жергілікті атқарушы органдар облигацияларының [16 шығарылымы](#) және жергілікті атқарушы органдар облигацияларының [төрт шығарылымы](#) енгізілді.
- KASE-де "МҚҰ ЭКО-қаржы" ЖШС [KZ2P00014210](#) (MFECb3), "GoldFinMarket" Ломбарды" ЖШС [KZ2P00014277](#) (MFLGb19) және "аФинанс Микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00014996](#) (MFAFb10) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- "Mogo Kazakhstan" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00014590](#) (MFMOB32), "Азиялық кредиттік қор" Микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00014640](#) (MFCFb2), "Скулбас" ЖШС [KZ2P00014798](#) (SCLBb2) облигациялары және "GoldFinMarket" Ломбарды" ЖШС [KZ2P00014277](#) (MFLGb19) "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.
- "BCC Invest" АҚ "Fincraft Group" ЖШС KZ2D00005949 (NCOMb1) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесінен [бас тартты](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 21,2 млн МЕОКАМ [KZK200000760](#) (MOM048_0056), 67,0 млн МЕУКАМ [KZKD00001285](#) (MUM084_0020) және 80,3 млн МЕУКАМ [KZKD00001277](#) (MUM108_0015) орналастырды.
- "Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы" АҚ KZ2C00014744 (KZIKb40) облигацияларын орналастыру арқылы 50,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы" АҚ KZ2C00014751 (KZIKb41) облигацияларын орналастыру арқылы 50,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ [тартты](#) KZ2C00011989 (KFUSb72). облигацияларды орналастыру арқылы 3,9 млрд теңге
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ [тартты](#) KZ2C00012409 (KFUSb92). облигацияларды орналастыру арқылы 9,7 млрд теңге.
- "Тойота Файнаншл Сервисес Қазақстан" МҚҰ" ЖШС KZ2P00014442 (MFTFb6) облигацияларын орналастыру арқылы 5,0 млрд теңге [тартты](#).
- 12 облыстың әкімдіктері 77,0 млрд теңге [тартты](#)


ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Эйр Астана" АҚ 2025 жылдың 19-25 тамызы аралығында өзінің бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- S&P Global Ratings агенттігі Қазақстан Республикасының "BBB-/A-3" деңгейіндегі рейтингтерін [растады](#), болжамы "Позитивті".
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ S&P Global Ratings агенттігі банктің рейтингтік бағаларын растағаны туралы хабарлады, болжам "Позитивті" болып [өзгертілді](#).
- "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ S&P Global Ratings агенттігі қоғамның рейтингтік бағаларын растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті" болып өзгертілді.
- "Банк ЦентрКредит" АҚ S&P Global Ratings агенттігі банктің кредиттік рейтингтерін растағаны және ұлттық шәкіл бойынша рейтингінің жоғарылағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті" болып өзгертілді.
- "Ғарыштық техника және технологиялар институты" ЖШС Space Days Kazakhstan 2025 халықаралық форумын өткізу туралы [хабарлайды](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қаржылық нәтижелер туралы [хабарлады](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ "Атасу-Алашанькоу" мұнай құбырын пайдалануға үш жылдық келісім-шарт жасасқаны туралы [хабарлады](#).
- "ForteBank" АҚ 750 млн Қытай юань мөлшерінде синдикатталған қарыз тарту туралы [хабарлады](#).

29.08.2025	Трендтер (%)		
KASE Индексі	6 993,05	4,5	8,1
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а

АО "Банк ЦентрКредит"	5 121,00	16,4	37,9
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	24 896,00	6,1	5,7
Bank of America Corporation	50,64	4,6	4,9
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	20 100,00	2,8	1,4
Freedom Holding Corp.	179,90	2,2	4,6
Apple Inc.	232,83	1,9	9,7
PayPal Holdings Inc.	70,26	1,7	- 1,9
АО "Народный Банк Казахстана"	367,70	1,3	7,0
АО "Кселл"	3 397,00	1,2	- 1,0
АО "Эйр Астана"	746,00	0,9	- 0,7
АО "КазТрансОйл"	810,97	0,9	0,6
АО "Казахтелеком"	41 149,99	0,7	4,5
AT&T Inc.	29,17	0,2	5,7
АО Kaspi.kz	50 480,00	0,2	4,1
АО "KEGOC"	1 441,90	0,1	- 0,9
Microsoft Corporation	507,82	- 0,2	- 1,2
Tesla, Inc.	335,83	- 0,5	4,8
АО "KM GOLD"	68,77	- 0,7	- 2,6
АО "ForteBank"	22,94	- 0,8	1,8
NVIDIA Corp.	175,55	- 0,8	- 0,4
Intel Corporation	24,42	- 1,1	15,7
Advanced Micro Devices, Inc.	163,50	- 2,7	- 5,9
Pfizer Inc.	24,79	- 4,0	2,2

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген



Өткен аптада KASE Индексі кезекті тарихи максимумға – 6 993 тармаққа жетті және жұма күнгі сауда-саттық сессиясының соңында сол белгіде тіркелді.

Эйр Астана 19-25 тамыз аралығында сатып алу бағдарламасына сәйкес жалпы сомасы 30 мың АҚШ долларын құрайтын 5 424 жаһандық депозитарлық қолхат сатып алғанын хабарлады. Жаһандық депозитарлық қолхаттарды сатып алудың орташа сараланған бағасы 5,6 АҚШ долларын құрады. Компанияның акциялары бір апта ішінде 1 %-ға төмендеп, 746 теңгені құрады.

S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі "BB/B" деңгейінде Банктің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін растай отырып, ЦентрКредит банкінің рейтингі бойынша болжамды "Тұрақтыдан" "Позитивке" қайта қарады. Банктің акциялары бір апта ішінде 16 %-ға өсті.


KASE индексіне кіретін басқа қаржы компаниялары да теріс нәтижелер көрсетті. Kaspi.kz акциялары 0,2 %-ға өсті, сонымен бірге Halyk Bank акциялары 1,3 %-ға өсті.

ҚазТрансОйл 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қаржылық нәтижелер туралы хабарлады. Түсім 163 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 8 %-ға жоғары, ал таза пайда 21 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылдың 1-ші жартыжылдықтағы нәтижеден 10 %-ға артық. Компанияның акциялары бір апта ішінде 1 %-ға өсті.


Өткен аптада Қазақстан Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені +/- 1 п.т. дәлізімен (плюс минус 1 пайыздық тармақ) жылдық 16,5 % деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Бұл шешім болжамды раундтың нәтижелеріне негізделген, оның шеңберінде негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдары және инфляция тәуекелдерінің балансын бағалау жаңартылды. 2025 жылы Ұлттық банк инфляцияны 11-12,5 % шегінде болжайды. Бұл ретте, Қазақстан экономикасының 2025 жылға арналған өсу болжамы 5,5-6,5 %-ға дейін жақсарды.

Ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі өзгерген жоқ және аптаның қорытындысы бойынша жылдық 15,50 % құрады. Бір күндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 14,37 %-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Шілде айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 4 %, АҚШ доллары үшін 540,72 теңгеге дейін әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 235 млн АҚШ долларынан 260 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 5,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Шілде айында Ұлттық қордан валютаны сату 700 млн АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферт бөлуді, сондай-ақ "Талдықорған-Үшарал" магистральдық газ құбырын салу жөніндегі инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордың сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 12 % немесе күніне шамамен 32 млн АҚШ долларын құрады.

Салық айы шеңберінде күтілетін фискалдық түсімдерді ескере отырып, Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша республикалық бюджетке трансферт бөлуге тамызда Ұлттық Банк Ұлттық қордан 400-ден 500 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

Айнадағыдай қайталау операциялары аясында шілде айында 290 млрд теңге зарарсыздандырылды. Тамыз айында осы мақсатта 290 млрд теңге баламасында валюта сатылады деп күтілуде.


30 шілдеде валюта нарығындағы өте төмен өтімділік және алыпсатарлық қысымның күшеюі аясында Ұлттық Банк 125,6 миллион АҚШ доллары көлемінде валюталық интервенциялар жүргізді.

Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті сату жөніндегі норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату көлемі шамамен 450 млн АҚШ долларын құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұзақмерзімді кезеңде кемінде 40 % деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк шілде айында биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жүзеге асырды, оның жалпы сомасы 35 млн АҚШ долларын немесе сауда-саттықтың жалпы көлемінің шамамен 0,6 % құрады. Ағымдағы бағам деңгейінде БЖЗҚ валюталық үлесінің 40 % артуына байланысты тамыз айында БЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен валюта сатып алу жоспарланбайды.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	
 S&P 500	6 460,26	-0,1	1,5	15,5	-0,2
 Dow Jones	45 544,88	-0,2	2,4	10,2	-0,2
 PTC	1 137,00	0,6	8,3	21,9	
 MMBB	2 899,38	0,1	6,4	7,1	
 Hang Seng	25 077,62	-1,0	-0,4	41,0	-1,3
 SS CSI 300	4 496,76	2,7	8,3	37,2	2,9
 Euro Stoxx 50	5 351,73	-2,5	-0,8	7,8	-2,6
 FTSEuroFirst	6 026,50	-2,2	-0,4	8,5	-2,2
 FTSE 100	9 187,34	-1,4	0,6	9,6	-1,4
 KASE	6 993,05	4,5	8,1	31,6	

Шикізат нарығы

29.08.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	68,12	0,6	-7,0	-14,8
Мұнай (WTI)	64,01	0,5	-8,6	-15,7
Табиғи газ	3,00	11,1	-1,6	40,2
Мыс	451,85	1,3	-19,1	8,9
Темір	808,00	2,4	0,9	3,9
Алтын	3 447,95	2,3	5,3	36,5
Күміс	40,20	2,9	6,5	36,0
Астық	518,00	2,6	-1,1	-1,3

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
02.09 Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (тамыз)	EUR	2,1%	2,0%
02.09 Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (тамыз)	USD	53,3	49,8
02.09 Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) ISM (тамыз)	USD	49,0	48,0
02.09 АҚШ президенті Трамптың сөзі	USD		1,2%
03.09 JOLTS еңбек нарығындағы ашық бос жұмыс орындарының саны (шілде)	USD	7,240M	7,437M
04.09 Аграрлық емес сектордағы жұмыспен қамтылғандар санының ADP-ден өзгеруі (тамыз)	USD	71K	104K
04.09 Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (тамыз)	USD	55,4	55,4

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	11,8%	01.08.25	11,8%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	52,5	01.08.25	51,8
Ақша базасы, млрд KZT	14 687,1	01.08.25	14 019,2
Ақша масса, млрд KZT	41 189,3	01.08.25	46 895,6

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 позитивті	23.08.25	BBB-/A-3 тұрақты
Moody's	Baa1/тұрақты	09.09.24	Baa2/позитивті
FitchRatings	BBB/тұрақты	15.07.25	BBB/тұрақты

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы,
А15G7M6, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй,
Almaty Towers көпфункционалды кешенінің
солтүстік мұнарасы, 8-қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28

KASE




FAQ

in



f



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.